№ исх: 4691-1-1454-Д/04-4 от: 11.11.2026

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Министрліктер Үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 11-кіреберіс
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

010000, город Астана, Дом министерств
Проспект Мәңгілік Ел, 8, 11 подъезд
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

_____№_____

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаты
Л.Т. Кожахметоваға

2026 жылғы 8 қазандағы
№ ДС-67- депутаттық сауалға

Құрметті Ләззат Таймырқызы!

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Сіздің жолдаған мектепке дейінгі ұйымдарда апробациядан өтіп жатқан ваучерлік қаржыландыру тетігіне байланысты депутаттық сауалыңызды қарап, өз құзыреті шегінде қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдайды.

Қосымша: ____ п.

Министр **Ж. Сүлейменова**

А. Джумагулова, 742736
ai.dzhumagulova@edu.gov.kz

11.11.2026 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Копия электронного документа.

Қосымша

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз етуге және барлық балалар үшін тең бастапқы мүмкіндіктер қалыптастыруға бағытталған.

Ұлттық білім беру деректер қорының мәліметтеріне сәйкес, республикада 12 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оларда 2 жастан 6 жасқа дейінгі 1,1 млн бала тәрбиеленуде *(5 357 мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымда – 437 мың бала, 6 853 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымда – 521 мың бала)*. Сонымен қатар, 167 мың бала мектепалды даярлық сыныптарында білім алуда.

Мектепке дейінгі білім беру саласында балаларды кезекке қою, құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау мемлекеттік қызметтері көрсетіледі.

Балаларды балабақшалармен қамтуды арттыру мақсатында мемлекет тарапынан білім беру тапсырысы орналастырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) тәрбиеленушілердің қауіпсіз әрі қолайлы жағдайда болуын қамтамасыз ететін және белгіленген талаптарға сәйкес келетін мектепке дейінгі ұйымдарда орналастырылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобасы *(ҚР ОАМ 30.12.2024 ж. № 372 бұйрығы) (бұдан әрі – пилоттық жоба)* «ақша баламен бірге жүреді» қағидаты негізінде іске асырылуда.

<u>Анықтамалық:</u>

Пилоттық жоба республика бойынша 20 қала мен 23 аудандағы 6,3 мың мектепке дейінгі ұйымға енгізілді. 1,3 млн-нан астам ваучер берілді.

Ваучер тікелей балаға (ваучер иесіне) беріліп, ата-анаға мектепке дейінгі ұйымды меншік нысанына қарамастан таңдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте мектепке дейінгі ұйымды таңдау - бос орындар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Пилоттық жобада баланы қалаған балабақшаға ауыстыру үшін «күту парағына» тіркеу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл ретте ата-ананың өзі таңдаған балабақшадан орын алу кезегін күту құқығы сақталып, кезек күту кезеңінде бала басқа мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленіп, білім ала алады.

Қазіргі уақытта Министрлік пилоттық жобаның нәтижесі бойынша тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдар арасында ауыстырудың жаңа мемлекеттік қызметін енгізу мәселесін жан-жақты қарастыруда. Бұл ретте

11.11.2026 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Копия электронного документа.

баланы бір балабақшадан екіншісіне ауыстыру рәсімінің ашықтығы мен реттілігі, сондай-ақ баланың жеке қажеттіліктері мен ата-анасының қалауы ескерілетін болады.

Пилоттық жоба аясында «жалған тәрбиеленушілердің болуы», сондай-ақ әртүрлі өңірлерде бір контингенттің бірнеше рет қайталануы фактілері анықталды. Тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелері негізінде Оператор *(«Қаржы орталығы» АҚ)* жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, әрбір мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің контингенті туралы мәліметтерді өзектендіріп, анықталған сәйкессіздіктерді жою жұмыстарын жүргізуде.

Министрлік пилоттық жобаның қорытындысы бойынша ваучерлік қаржыландыру тетігіне қатысты тиісті шешімдер қабылдайтын болады.